

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы 22 қараша

Үзінді көшірмені қалай тез алуға болады?

«БЖЗК» АҚ көрсететін қызметтері мен электрондық сервистерін пайдаланушылар саны жыл санап артып келеді. Бұл ретте Қор мамандары салымшылардың ұсыныс-тілектеріне ерекше көңіл бөледі. Жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмені алуды тездету үшін ENPF мобильді қосымшасы жаңартылды. Енді ыңғайлы жасалған интерфейс смартфон немесе планшетіңіз арқылы үзінді көшірмені тиісті батырмаларды бар болғаны үш-ақ рет басып алуға мүмкіндік береді. Бұл үшін «Жеке кабинет» белгішесін басып, одан әрі «Қызметтер» бөлімінен «Электрондық үзінді көшірме» ішкі бөлімін таңдау қажет. Үзінді көшірмені кез келген кезең бойынша қалыптастыруға болады. Одан басқа үзінді көшірменің арнайы QR-коды бар. Онда БЖЗК уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (ЭЦҚ) қол қойылған осы үзінді көшірменің электрондық нұсқасына веб-сілтеме көрсетілген.

Еске саламыз, Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы №370-II Заңының 7-бабының 1 тармағына сәйкес электрондық құжаттың дәрежесі қағаз нұсқасындағы қол қойылған құжатпен бірдей.

Зейнетақы шотының жай-күйін Қор сайты немесе мобильді қосымша арқылы білу үшін Сізде шотыңыздан ақпарат алу тәсілі ретінде интернет байланысы тәсілі таңдалған болуы керек. Егер таңдалмаса, жеке басыңызды куәландыратын құжатпен Қор бөлімшесіне барып, қосымша келісімге қол қойсаңыз жеткілікті. Кейін логин мен құпия сөздің немесе электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен авторланып, шоттың жай-күйін білуге болады. Бүгінде логин ретінде жеке сәйкестендіру нөмірі қолданылады.

Пайдаланушылар ұялы қосымшада тіркелу үшін бір реттік парольді қолдана алады. Пароль ұялы телефонға SMS-хабарлама ретінде жіберіледі.

Осылайша ұялы қосымшада екі әдіс бойынша: жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) мен құпиясөзді (пароль) енгізу және электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану арқылы авторлануға болады. Сонымен қатар пайдаланушы Android пен IOS операциялық жүйесіне арналған Touch ID және IOS жүйесіне арналған Face ID сканерлік жүйесін қолдана алады.

Қордың ұялы қосымшасы әдеттегідей Google Play және App Store порталдарынан тегін жүктеп алынады. Бұл ретте пайдаланушы қазақ немесе орыс тілін таңдай алады.

Күні бүгінге дейін БЖЗК ұялы қосымшасын екі миллионнан астам адам жүктеген. Яғни, Қордың электрондық қызметтері салымшылар арасында жоғары бағаға ие болып отыр.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).